


Г 2005

872 к




Тілеухан ЖҰМАХАНОВ

ҚАСЫМ ХАН











Тілеухан
ЖҰМАХАНОВ

ҚАСЫМ ХАН



"АУДАРМА" БАСПАСЫ
АСТАНА – 2004

ББК 63.3 (2 Қаз)
М 81

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ
Ғылыми кеңесшісі — академик *Болат Көмеков*

Тілеухан Жұмаханов.

М 81 Қасым хан. *Тарихи баян.*

Астана: Аударма, 2004. — 184 бет.

ISBN 9965-18-119-5

Тілеухан Жұмахановтың аталмыш еңбегінде қазақтың маңдайына
біткен біртуар перзенті Қасым ханның өмір сүрген ортасы, балалық шағы
мен хандық дәрежеге көтерілген кезеңі баяндалады.

Ж 0503020905-125
00(05)-04

ББК 63.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-18-119-5

© Жұмаханов Т., 2004
© “Аударма” баспасы, 2004
© “Қазақстан кітап графикасы-суретші-
лерінің қоғамдық бірлестігі, 2004

“Тарих. Таным. Тағдыр” сериясы

Тілеухан ЖҰМАХАНОВ

ҚАСЫМ ХАН

тарихи баян

қазақ тілінде

Редакторы *Л. Имашева*

Суретшісі *Е. Қожабаяв*

Көркемдеуші редактор *Ш. Байкенова*

Техникалық редакторы *С. Бейсенова*

ИБ № 125

Теруге 4.10.2004 ж. жіберілді. Басуға 28.10.2004 ж. қол қойылды.


Пішімі 70x108 1/32. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”.

Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 8,05. Есептік баспа табағы 8,5.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 2615.

“Аударма” баспасы. 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.

“Астана полиграфия” акционерлік қоғамы,
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.





“Қазақ халқының бұрынғы-соңды хан, сұлтандарының ішінде Қасым хандай құдіретті әмірші болған емес. Оның үш жүз мың әскері бар еді”.

ЗАХИР әд-ДИН МҰХАММЕД БАБЫР “Бабырнама”, 1526-30 жылдар.

“Қасым хан бүкіл Дешті-Қыпшақтың падишаһы болды. Ол ұлы істер жасау үшін туған адам еді. Қасым ханның қисапсыз әскері қазақтар мен ноғайлардан құралған еді”.

АБДАЛЛАХ бен МҰХАММЕД бен ӘЛИ НАСРУЛЛАХ, “Зубадет әл-АСАР”, 1525 жыл.

“Қасым хан бүкіл Дешті Қыпшаққа билік жүргізді. Оның қарулы халқының саны миллионнан асатын. Шыңғыстың ұлы Жошы ханнан соңғы жерде бұл жұртта Қасымнан асқан құдіретті хан болған жоқ”.

МҰХАММЕД ХАЙДАР ДУЛАТ “Тарих-и Рашиди”, 1541-45 жылдар.

Досым Қазбек Райымбековке арнаймын.
АВТОР

I. САЯТТА

Тамыз айының мамыражай кеші. Қырық күн шілденің ми қайнатар ыстығы әлдеқашан қайтқан. Сары даланы ортан белінен кесіп өтіп, күнбатысқа қарай ирелеңдеп, тоқтаусыз ағып жатқан ұлы дариядан салқын самал еседі. Дарияның арнасы кең, айқайласаң арғы шетіне даусың жетпейді. Қос жағалауы ну тоғай. Жыңғыл, шілік, жиде ағаштары аралас өскен. Тоғай арасындағы салт атты адам әзер өте алатындай ғана соқпақ сүрлеу де құдды жыланнның ізі секілді. Ирелең-ирелең етіп, дариямен жарысып кете береді.

Әсіресе, тар соқпақты бойлай өскен қоянсүйек (Сыр өзенінің бойында өсетін жыңғылдың бір түрі) пен шеңгел бұтақтары Қасымның мазасын алып-ақ бітті. Сәби шағынан денесін тік ұстап, өзгенің алдында иілуді ар санап өскен он төрт жасар бала сұлтан ат сауырына жететін қалың шеңгелдің етек-жеңін тырмалағанына назар аудармауға тырысты. Алайда нән қоянсүйек бұтағы жолын кес-кестегенде амалсыз еңкеюге мәжбүр болады. Мұны қойшы, бәрінен де Ғұлам қариға қиын соқты. Бұлардың әр қимылын жіті қадағалап отыратын Атабек әкесімен бірге Әбілхайыр хан ордасына сапарлап кеткен. Осыны пайдаланып, Ғұлам қаридың күнделікті дәрісін ерте бітірген Қасымның өзі еді. Хасен де “аңға шығайық” деп қыңқылдап қоймаған. Күн сайын шұқшиып отырып, том-том қолжазба кітаптарды ақтару екеуін де әбден мезі етті. Ол қолжазбалары өз халқыңның тарихына қатыс-

ты болса бір сәрі-ау, кейде қайдағы бір пайғамбарлар өмірін тәптіштеп кетеді. Әр сөзін ежелеп отырып әзер түсінесің. Жалықтырды әбден. Қасымға оқудан гөрі соғыс ойыны көбірек ұнайды.

Соғыс ойынына үйрететін Атабек. Қапсағай денелі қара кісі. Сауытыңның қалай түймеленгенінен бастап, қылышты қалай ұстағаныңа дейін мүлт жібермейді. Сәл ағаттық жасадың бар ғой, шүңірек көзі өңменінді тесіп жібере жаздайды. Құдды кеудене көк сүңгі қадалғандай, арқан мұздап кетеді.

Бір жақсысы – бүгін Атабек жоқ. Қасымның әкесі Жәнібекпен бірге кеткен. Ғұлам қари көңілшек. Сірә, көп оқыған адамның бәрінің жаны ерекше жұмсарып, ешкімнің көңілін қалдырмауға машықтанатын болса керек. Өне, қазір де делбендеген шапанының етегін шеңгел жыртқанына қарамастан бұлардан қара үзіп, қалып қоймауға тырысып-ақ келеді. Тіпті, сәлдесінің салбыраған ұшын жинауды да білмейді, Онысы әлсін-әлсін қарсы кездескен бұтаға ілініп, әбден мазасын алған секілді.

Ал, Хасенге бәрібір. Кеудесімен тұтаса біткен желкесі иілуді білмейді. Жып-жинақы, жұп-жұмыр. Құдды астындағы атымен бірге жаратылғандай. Сүрлеумен жүру қаперінде жоқ. Ну тоғайға қойып кетеді де, арғы шетінен бір-ақ шығады. Қас қаққанша шапқылап бері келе жатады. Сірә, терісі қалың шығар, әлде әбден машықтанып алған ба, мың сан ағаш бұтағынан қорғануды білмейді. Сақ-сақ күліп, маз болып жүр.

Хасен – Атабектің ұлы, Қасыммен түйдей құрдас. Алғаш кездескенде Қасым сұлтаннан қаймығып тұратын. Кейін дос болып кетті. Тіпті, Жәнібек ханның кіші ордасына Қасымға еріп кіріп, Жаған бегімнің қолынан талай рет дәм де татты.

Қасым “хан баласы”, “қара баласы” деген ұғымдарды түсінбей-ақ қойды. Адамның баласы болған соң, бәрі бірдей емес пе? Оларды тек адалдық, батырлық, қайырымдылық

сияқты қасиеттері ғана бір-бірінен ерекшеленуі қажет. Бұл – Қасымның пікірі.

Бірақ, өз әкесі Жәнібек те, анасы Жаған бегім де бұлай ойламайтын сияқты. Ханның үлкен ордасындағы Қасымның басқа анадан туған ағалары Иренші мен Махмұт өздерін, тіпті, өктем ұстайды. Бұған, сірә, қара халықтың өзі де кінәлі болса керек. Кездескен жерде “хан ием”, “сұлтан ием”, “ханым” деп, сыпайысып тұрғандары. Басқасын айтпағанда, күнде дәріс беріп жүрген ұстазы Ғұлам қари да кіпкішкентай Қасымды “сұлтан” атап иіліп-бүгілуден бір жалықпайды-ау. Қайта Хасен батыл. Әрдайым бірге оқып, бірге ойнап жүрген соң ба, қазір мұны “Қасым” деп атайды.

Күнде жанында осы Хасен болмаса қайтер еді. Інісі Қамбар кішкентай. Ылғи бір-біріне иіліп-бүгілген үлкендер арасында зерігіп, ішқұсалыққа шалдығуы да мүмкін екен-ау.

– Қасым!

Хасеннің оқыс дауысы ойын бөліп жіберді.

– Қасым! Әне қоян қашты! Ашыққа қуып шығайық!

Алып қоянсүйектің көлеңкесінде шоқиып отырған бағылан қозыға бергісіз үлкен тұз қояны қос қапталдан қатар естілген қиқудан үркіп, шеңгел-шеңгелдің арасымен орғи-орғи кең далаға қашты. Қасым мен Хасен де қалың тоғайды бұзып-жара соңынан ұмтылған. Сұр қоян қатты желдің екпінімен домаланған қаңбақтай болып, ашық далада безіп барады.

– Қасым-ау! Болсайшы енді. Көз жазып қалатын болдық қой.

Делебесі қозып, дегбірі қашқан Хасен шыдамсыздана шыршыр етеді.

Бірақ Қасым асықпады. Баппен иығындағы садағын сыпырып, оюланған тері қорамсағынан үкілі жебесін суырды. Бағылан қоян көз ұшында бұлдырап, сұр ноқатқа айналғанша асықпай көздеді...

Суылдаған үкілі жебе жер бетінен тағы бір орғи көтерілген сүр ноқаттың ортан белінен қадалды.

— Обал-ай, — деді шапанының етегі делендеп, Қасым мен Хасеннің жанына енді ғана жеткен Ғұлам қари, — И, и, и, обал болды ғой.

Қасым Хасенге иек қақты. Олжаны өзін бауыздап, өзін ал дегені. Хасен лып етіп шаба жөнелді.

— Жер бетіндегі жан-жануардың бәрін Алла тағала адамның азық етуі үшін жаратқан деп айтқан өзін емес пе, Ғұлам қари?!

Қасым ұстазына сынай көз тастады. Ғұлам қари қолайсыз күйден әлі арылмапты. Жасқаншақтана жауап қатты.

— Сұлтан ием! Азығың таусылып, аш отырсаң бір жөн. Тірі мақұлықты ермек үшін тіршілігінен айырған обал ғой.

— А, солай ма? Онда аң аулау қызығын Хасеннің өзі-ақ көрсін. Ал, біз жүр, сейілдеп қайтайық.

Қасым атының басын дарияға қарай қайта бұрды. Ғұлам қари ілесіп отырсын дегендей, жүрісін тежеді...

II. СОҢҒЫ ДӘРІС

— Ғұлам аға, — деді Қасым оқыстан, — Сіздің білмейтініңіз жоқ. Мынау мол су қайдан келіп жатыр?

— Таудан, сұлтан ием, таудан. Мынау кең даланың түстігі биік-биік тауларға барып тіреледі. Солардың бірі — осы ұлы дария бастау алатын Тәңіртау. Тәңіртау шығысқа қарай аласарып барып Тарбағатай тауларына жалғасады. Ал, Тарбағатайдан әрі ақ сеңгір Алтай таулары басталады.

— Тәңіртаудың иесі кім?

— Тәңіртаудың арғы бетін де, бергі бетін де, бұл дүниедегі адам аяғы жеткен жердің бәрін ежелден киіз туырлықты көшпелі жұрт — мына сенің бабаларың иеленген, сұлтан ием... Ежелден келе жатқан бір жыр бар. Білетіндер осы жыр қашап

жазылған сынтас сеңгір Алтайдың арғы жағындағы кең жазықта әлі күнге дейін тұр деп айтады. Ұмытпасам, әлгі жыр “биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, ортасында адам баласы жаралған. Адам баласының үстіне менің ата-бабам — Бумын қаған, Істемі қаған отырған. Отырып түркі халқының ел-жұртын қалыптастырып, Иелік еткен” деп басталады.

— Түркі халқы дей ме? Олар кім? Шынымен-ақ ең ежелгі жұрт па?!

— Й-и-и, сұлтан ием. Бұл ұзақ әңгіме ғой. Тәңіртаудың қос бетін қатар жайлаған киіз турлықты көшпелі жұрттың арғы тегі Сақ елі атаныпты. Сақтар алтынды арбалап тасып, жылқыны қойша өргізіпті. Бес жасар баласынан бастап ару әйелдеріне дейін ат құлағында ойнаған жауынгер жұрт еді деп жазады көне тарихшылар. Шығыстағы ақ сеңгір Алтайдан батыстағы Балқантауға дейінгі кең байтақ аймақ сол сақтардың иелігінде болыпты. Тіпті олардың бір бөлігі Мысырға дейін жорық жасап, жолында кездескен сан түрлі жұрттың зәре-құтын қашырыпты. Грек халқы арасындағы атымен бірге жаралғандар туралы аңыз, әне, сол кезден қалған, сұлтан ием.

— Сақтар өзі қай заманда өмір сүрген?

— Ғайса пайғамбардан сегіз жүз — тоғыз жүз жыл бұрын ел болып құралса керек. Бес жүз жылдай жарты әлемді дүркіреткен де, бірте-бірте тоз-тозы шықты ғой.

— Кім сонда олардың тоз-тозын шығарған?!

— Й, й, и, сұлтан ием! Бұл пәниде мәңгілік ештеңе жоқ. Мықтымын деген ердің де, елдің де күш-қайраты қайтатын шағы болады. Сақтар да сол. Алдымен парсының Ахамен әулетінің шапқыншылығына ұшырады. Й, й, и. Иран мен Тұранның ол соғысы ұзақ болған. Ұлы Кир туралы естіп бе едіңіз, сұлтан ием. Парсыны парсы еткен сол Ұлы Кир де дәл осы далада сақтардың әйел патшайымының қолынан қаза

тапқан. Содан соң Кирдің өшін алам деп, бес қаруын сайланып Дарий жорыққа аттаныпты. Мұнда бір емес, екі рет шапқыншылық жасады. Бірақ, бәрі бір жеңе алмай, салы суға кетіп кері қайтыпты. Соңғы жорығынан соң, еліне барып, өзінің сақтармен соғысын тасқа қашап жаздырыпты деседі. Сол тас әлі түр дейді білетіндер.

– Ғұлам қари, сонда қалай? Жасанып келген жауына жеңдірмеген сол халық қайда қазір?

– Қайда? Қайда? Сұлтан ием, өзің күнде көріп жүрген адамдардың бәрі сол сақтардың ұрпағы. Оның ішінде мына өзіңіз де барсыз.

– Қалайша?

– Солай, сұлтан ием. Сақтарға байланысты соңғы дерек атақты Ескендір Зұлқарнайынның жорығы туралы көне кітаптарда кездеседі. Ол да келген ғой мына дарияның бойына. Бірақ бері өтпей, соғыспастан кері қайтыпты деседі. Содан соң сақтардың аты аталмайды. Бірте-бірте бөлшектеніп әр бөлігі өз алдына бөлек ел болып кетсе керек.

– Бастары бірікпей, бытырап құрыған екен ғой.

– Олай деуге болмас, сұлтан ием. “Орнында бар оңалар” деген мақалды есіткен шығарсыз. Көне жазбаларда көп айтылатын Үйсін ордасы, Қанлы ордасы, Ғұн ұлысы дегендерің сол киіз туырлықты сақтардың ұрпақтары құрған мемлекеттер болатын. Ғұндардың Мөде есімді патшасы Алтайдың қос бетіндегі бұрынғы сақ тайпаларын қайта біріктіріп қуатты ел еткен. Ханзулардың өзі ғұндарға салық төлеп тұрған деседі.

– Ханзу деген тағы да қайдан шықты?

– И, й, и, сұлтан ием! Мынау қара жердің ең түстігінде тұратын сондай бір халық бар. Саны көп. Құмырсқа сынды еңбекқор-ақ өздері. Жерге жабысып алып екпейтіні жоқ. Қала салуға бейім. Қағазды да, жібек матаны да алғаш жасаған солар. Бұл дүниеда адам да, халық та өз көршісін қалауымен таңдап алмайды. Алла тағаланың әмірімен болатын іс

бәрі де. Киіз турлықты көшпелілер мен отырықшы ханзуларды қатар қондырған да бір Алла. Діні де, ділі де жат болған соң ба, ғұмыр бойы бір-бірімізбен жағаласумен-ақ келеміз. Ханзулардың анау сеңгір Алтайдың арғы бетіндегі Саржазықтан оқшауланып, пәленбай шақырымдық қамал соққаны да сол — көшпелілерден қорғанбақ болған түрі. Біздің жұрт ханзуларды қытай деп кемсітсе, күнбатыстағылар шың елі деп, аспан елі деп әспеттейді.

– Хош, Ғұлам қари! Ханзуларды бірталай қауыздадың? Ал әлгі Мөде патша билеген ғұндарың не болды?

– Не болсын, сұлтан ием! Мөде о дүниелік болған соң, бұрынғы іргелі ұлыс өз ішінен ыдыраған. Үйсін ордасы бір бөлек, Қаңлы ордасы бір бөлек, ғұндар бір бөлек. Бас-басына би болып, бір-бірімен жауласуға көшкен. Әрине, ханзулар да қарап жатпай, араларына ши жүгіртіп отырған. Көшпелілердің бір-бірімен қажасып, әбден әлсірегеніне көздері жеткен соң, қалың қолмен тарпа бас салады да, тоз-тозын шығарады. Ұлы ғұндардың соңғы тәңірқұты Шөже бабамыз мына біздің түстігіміздегі Тараз шаһарында ханзулармен ақтық демі біткенше арпаласып, көз жұмған.

– Тым қайғылы оқиға екен. Сонымен ғұндарды де бітірдім де, Ғұлам қари!

– Біткен жоқ, сұлтан ием! Ұлан-ғайыр ұлыс бір сәтте жер бетінен жоғалып кете қояр ма? Тәңірқұты қаза тапса да, Шөже патшаның қалың елі осы маңмен шұбыра көшіп, сонау батыстағы Еділ дарияның бойына жетіп бір-ақ тоқтаған ғой. Ес жиып, қайтадан ел болады. Ел болғанда да, қаһарымен алыс-жақын жұрттың бәрін қалтыратқан ұлы ұлысқа айналады. Еділ патша туралы есітіп пе едіңіз, сұлтан ием! Баяғы Ескендір Зұлқарнайыннан қалған жұртқа ие болып, жарты әлемді билеп отырған Рум мемлекетінің өзі Еділ патша сарбаздарының екпініне қарсы тұра алмаған. Мына қара жердің батыс бөлігін мекендеген сан түрлі халықтың Еділ

патша алдында қоғадай жапырылмағаны жоқ. Еділдің есімін естісе, өлі күнге дейін жылаған баласы жұбанады.

– Пах! Пах! Еділ бабамыздың аруағын аспанға бір-ақ шығардың, Ғұлам қари! Қайда қазір сол ел, сол қуат?!

– Й-й-й, сұлтан ием! Айттым ғой әлгіде, күш-қуаты қайтпайтын адам да, ел де болмайды деп. Өседі. Өшеді. Бәрі бір Алланың қалауымен болатын іс. Еділ патша қатындыққа алған әлгі бір бургун қызының қолынан қапыда қаза тапқан соң-ақ, ғұн ұлысының берекеті қаша бастапты. Ақыры бөлшек-бөлшек мемлекеттерге бөлініп, быт-шыты шықты ғой. Киіз туырлықты көшпелілердің қайта бас біріктіріп, үлкен мемлекет құруы үшін тағы да жүз жылдай уақыт керек болды.

– Немене? Тағы қандай мемлекет ол?

– Қандай мемлекет дейсіз бе, Сұлтан ием! Мана өзіңіз сұраған түркілер мемлекеті сол. Түркі қағанаты деп аталған.

– Түркілер өзі қайдан пайда болды?

– Баяғы ғұндардың батысқа көшпей қалған ұрпақтары ғой. Жат жұрттың боданы болып жүріп-ақ ес жиып, бұрынғы дербес елдігін қалпына келтіруге шамасы жеткенін айтсаңызшы. Алдымен Алтай тауының қойнауын қоныстанып, темір қорытуды кәсіп қылған ашина тайпасы есін жиыпты. Ашина дегені — бөрінің ұрпағымыз дегені. “Жау шапқан елдің жұрттында қалған мешел баланы бір бөрі сүтімен асырап адам етіпті, біз содан тараған ұрпақпыз” деп аңыз айтady екен өздері. Бөрілі байрақ көтеріп, қандас бауырларын бір тудың астына қайта жинапты. Түркі деген сөз, сірә. билеуші бектерінің лауазымы болса керек. Түркілер елінің аз уақытта-ақ қуаттанып шыға келгені сондай, ханзулардың өзі оларға бағынуға мәжбүр болыпты.

– Бұл өзі қай уақытта пайда болған мемлекет?

– Түркі қағанаты, жаңылмасам, Мұхаммед пайғамбар өмір сүрген уақыттан жүз жылдай бұрын пайда болған. Й, й, и,

сұлтан ием! Саржазықтағы туысқан жұртты бір ұлысқа жинап алған соң, түркілер Тәңіртаудан бері асып, Еділ дарияның арғы бетіне дейінгі кең байтақ аймақтағы бауырларының да басын біріктірді емес пе? Шығысындағы ханзулар, батысындағы парсылар мен гректер, бәрі де, түркі қағанына өз елшілерін жіберіп, мәмілеге келуге тырысқан. Енді қайтсін? Ол заманда батыс пен шығыстың сауда саттық жолы осы кең даланың үстімен өтетін. Сол ұлы жолды түркілер өз бақылауында ұстаған ғой. Парсылармен сілкісіп, гректермен арбасып өткен дәурен ғой ол бір.

– Түркілер қанша уақыт дәурен құрды сонда?!

– Екі жүз жылдай болып қалар, сірә.

– Содан соң...

– Й, й, й, сұлтан ием. Іштей іріп, тоз-тозы шығып, дүние дидарына тарыдай шашылып кетті ғой. Алдымен біртұтас ұлыс Шығыс Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағанаты болып екіге бөлінді. Шығыс Түрік қағанаты түркілердің бұрынғы қуатын қалпына келтіріп, азды-көпті дәурен сүргенімен, өз құрамындағы ұйғырлардың бүлігінен құлап тынды. Көп ұзамай Тәңіртаудың арғы бетіндегі көшпелілер билігі ұйғырлардан қырғыздарға көшті. Қырғыздардың түбіне қидандар жетті. Қиданды шығыстан келген шүршіттер бері ысырды. Ақыры керейті бір бөлек, найманы бір бөлек, меркіті бір бөлек, қырғызы бір бөлек, ұйғыры бір бөлек, қиданы бір бөлек жеке-жеке ұсақ хандық құрып, тұтас ұлыстың тоз-тозын шығарады ғой.

– Хош, Ғұлам қари! Шығыс түркілердің тарихы түсінікті болды. Ал батыс түркілер қайда жоғалып кетті?!

– Жоғалған жоқ, сұлтан ием! Батыс түркілер бастан-ақ бір-бірімен туысқан он сан жұрттан құралатын. Сол оны бір-бірімен билікке таласып іштей іріді ғой. Алдымен билікті түргештер алды. Түргештер билігін Тәңіртаудың арғы бетінен келген қарлықтар құлатты. Қарлықтардан тақты ягма жұрты-

ның өкілдері — Қарахандар тартып алды. Батыс түркілердің тілін иманға келтіріп, мұсылман еткен осы қарахандар. Олар билік құрған тұста бұл өлкеде өнер-білім өркендеді. Ғұламалар көптеп шықты, жаңа қалалар салынды. Қарахандардың бір опық жасаған жері — баяғыда бір тудың астында болған туыс жұрттармен тіл табыса алмаған. Соның салдарынан оғыздар түстікке шұбырып, парсыны жәукімдеді, онымен де тынбай, гректермен ырғысып, анау Мысыр беттегі ұлы теңіздің қос бетіне барып қоныстанды. Ал тоқсан екі баулы қыпшақ жұртының саны, тіпті, көп еді. Бір бөлігі Еділ дариядан ары асып, Қап тауына тірелсе, бір бөлігі оғыздардың соңынан ілесе, ауған асты, үнді жеріне көшті. Еділ дариядан ары асқандары орман жұртымен бірде бауырласа, бірде ырғыса жүріп күн кешті, түстігіндегі гректермен бірде тату, бірде қату болды. Оғыздардың ізіне ілескендері мұсылмандыққа ден қойып, Хорезм мемлекетін құрды. Ол мемлекет дәрегейіне мына біз тұрған аймақ түгел бас ұрды. Хорезм падишахтары Қарахандар иелігін де Тәңіртаудың арғы жағынан келген қидандармен қақ бөліп алды.

– Бөлу, алу. Одан қалды шұбыра көшу. Қара халықтың қамын кім ойлаған сонда?

– И, и, и, сұлтан ием! Қара халық та бір, жайлы өріс іздеген қой да бір. Кім бастаса, соның соңынан ереді. Бастаушыға Алла тағала парасат пен ынсап бергей деп тілеңіз.

– Түсіндім, Ғұлам қари! Түркінің тарихын осымен таммададым де. Тағы да тоз-тозы шыққан есіл ел. Бастары бірікпей-ақ кеткен екен ғой.

– Неге олай дейсің, сұлтан ием! Біріккен. Біріккенде қандай?! Тоз-тозы шығып, бірі пұтқа табынған, бірі көпірлердің саясын сағалаған, бірі мұсылман дінінің нағыз қорғаушыларына айналған түркілерді қайтадан бір мемлекетке біріктірген адам табылды. Ол мына сіздің ұлы бабаңыз Шыңғыс хан болатын.

– Білем, Ғұлам қари! Естігенмін ұлы бабамның есімін! Бірақ, біздің түркілерге қандай қатысымыз бар? Біз төре тұқымы, моңғол емеспіз бе?

– Моңғол! Моңғол! И, и, и, сұлтан ием! Моңғол емес, мыңқол ғой... Алғашқы сенімді сарбаздарын мыңқол деп атаған Шыңғыс бабаңның өзі. Шүршітке бодан болған Алтайдың арғы жағындағы көшпелілер ортасында дүниеге келген Шыңғыс бабаң жас кезінде көп қорлық көріпті. Бұл көшпелілерің баяғы Шығыс Түрік қағанатының орнында қалған біртұтас қалың ұлыс болатын. Тек бастары бірікпей, әйтеуір бытырап ғұмыр кешіп жататын. Шыңғыс бабаң сол бытыраған көшпелілердің басын қайта біріктіріп, қайтадан біртұтас ел жасады. Әуелі меркітті жаулады, сосын татарды бағындырды. Өктемсінген Керей хандығының тағын тартып алып, көп ұзамай найманды да өзіне қосты. Қалған көшпелілер өз еркімен Шыңғыстың дәрәсііне бас ұрды, бағынғысы келмегендері Алтайдан бері асып, мынау кең далаға қарай қашты. Алтайдың арғы бетіндегі барлық қандастарын бір тудың астына жинап болған соң, баяғы шығыс түркілердің дәстүрімен өзін Ұлы қаған жариялады. Қиын кезде жанында болған жауынгер серіктерін де ұмытпай, оларды “мыңқол”, “алтын ұрық” деп атады. Жаңадан ірге көтерген мемлекетіне де Ұлы мыңқолдар елі деген атақ берді. Сол күннен былай мыңқолға кірген адамның өзін де, ұрпағын да құл етуге, қорлауға тиым салынатын салт енгізілді. Солай, сұлтан ием, өзіңіз айтқан моңғол деген атақ сол Ұлы мыңқолдар еліне байланысты шыққан.

– Түсіндім, Ғұлам қари! Түбіміз бір түркі екенбіз ғой. Ұлы мыңқолдардың ұлы қағаны сойтіп мұратына жетті де.

– Й, и, и, сұлтан ием! Мұратына жету қайда?! Болмашыға малданып, орта жолда тоқтайтын ба еді Шыңғыс бабаң?! Бұл үлкен істің басы ғана болатын. Айналасындағы көшпелілерді жұмылған жұдырықтай топтастырып, мың сан әскер жасақтап алған соң бастады ғой ұлы жорықты.

– Қайда?

– Ең әуелі шүршітке. Талай жыл көшпелілерге тізесі батқан шүршіт елінің әп-сәтте тас-талқанын шығарды.

– Шүршітіңіз кім, Ғұлам қари? Көшпелелердің түстігі қашаннан ханзулармен шектеспейтін бе еді?!

– Й, й, й, сұлтан ием! Ханзу да, шүршіт те негізінен бір-бірімен туысқан нәсілдер. Шығыс түркілердің өз ішінен таққа таласып, ашина әулетін ұйғырлар құлатқанын, ұйғырларды қырғыздар жәукімдегенін, қырғыздарды қидандар қуганын бұрын бір айтып едім ғой. Ал қидандардың түбіне мына кара жердің шығысынан келген шүршіттер жетті. Олар тек қидандарды бері қуып қана қоймай, ханзуларды да тықсырып, сонау түстікке қуып тастады. Сойтіп ханзулар салған ұлы қорғанның арғы бетіне өз мемлекетін орнатты. Ол мемлекетті оздері Цзинь мемлекеті десе, біздің көшпелілер Алтаи хандығы деп атап, қас-қабағына қарап, жалтақтап отырған. Талай жылғы ыза-кек қойсын ба, көшпелілердің жойқын жорығынан соң, шүршіттер қай інге тығыларын білмей қалды.

– Ал ханзулар ше?! Тегі бір туысқан жұртына көмектеспеді ме?

– Көмектеспек тұрмақ, бір кезде оздерін түстікке қуып тастаған шүршіттердің бейшара күйге түскеніне санын шапаттап қуаныпты деседі. Қайдан білсін, өгізге туған күн бұзауға да туарын.

– Сонда қалай?! Шыңғыс бабам шүршіттерден соң, ханзуларды жәукімдеген бе?

– И, и, и, сұлтан ием! Ханзуларды жәукімдеуін жәукімдеді-ау, бірақ ол кейінірек болған оқиға. Шыңғыс бабаңның шүршіттерді толық талқандап болмай жатып атының басын кілт батысқа бұрғаны әлі күнге түсініксіз.

– Батысқа бұрғаны қалай?

– Алтайдан бері асып, Ертіс дарияны кешіп өтіп, Хорезм падишаһтарының иелігіне тасқын судай лап қойды емес пе?

Жолындағы анау Тәңіртаудың қойнауын қоныстанған қидандарың қаптаған қалың қолға қарсы тұяқ серпуге де жарамапты. Алтайдың арғы бетіндегі Шыңғыстың сойқанынан өзер қашып құтылып, қидан гурханын паналаған, гурханның өуелі қызын алып, кейін тағын да тартып алған найман ханзадасы Күшілік Ауған жеріне қарай шығына қашады. И, и, й, сұлтан ием! Шыңғыс бабаның қас бөрісі Жебенің қылышынан кім қашып құтылып еді?! Тау-тастың арасында Күшіліктің де желкесі қиылды ғой.

– Ал Хорезм падишаһтары ше?

– И, й, и, несін айтарсың!? Бәрі де опат болды ғой. Сіздің Шыңғыс бабаңыздың тасқын судай ағылған қалың қолына қарсы кім тұра алатын еді ол кезде?! Тасқын судың өтіне ең алдымен осы дарияның бойындағы Отырар шаһары ілікті. Гүл жайнаған қандай қала еді?! Ылғи бір ғұламалар өскен шаһар болатын. Алты ай бойы арпалысып, ақыры тып-типылы шықты. Шаһар бегі қыпшақ Қайыр ханды аузы-мұрнына балқытылған күміс құйып қорлап өлтіріпті.

– Қыпшақ Қайыр хан дейсің бе, Ғұлам қари?! Арғы тегі бір нәсілден таралғанын біле тұра Шығыс бабам неге оған сонша өшікті екен.

– Й, й, и, сұлтан ием! Билік үшін бірге туған бауырын да бауыздап тастайды. Мейрімді билеуші деген арман ғой. Сондай үлгілі падишаһты тәрбиелемек болып қаншама ғұлама ақыл-ойын сарп етті. Бірақ, бәрібір ештеңе шықпады. Билік пен қатыгездік егіз екен.

– Жарайды таусылмаңыз. Ғұлам қари! Одан да ары қарай не болғанын айтыңыз.

– Ары қарай не болсын, сұлтан ием?! Отырардан кейін осы дарияның бойындағы Сауран, Сығанақ, Баршынкент, Жент, Үзкент шаһарлары ұлы қаған сарбаздары алдында бірінен соң бірі тізе бүкті. Кей шаһар тұрғындары өз еркімен қала қақпасын ашса, кей шаһар тұрғындары қарсыласып-ақ

бақты. Қарсыласқанынан не пайда бірақ, бостан қойша қырылды ғой. Олардан кейін Хорезм падишаһының бас ордасы Үргеніш шаһары қирады. Іле-шала Бұхар мен Самарқан тізе бүкті. Қан судай ақты. Бұрын өнер-білім ордасы болған шаһар халқын далалықтар аш бөріше талады. Бүкіл оңір әйелдер мен балалардың ызы-қиқу жылаған зарына толды. Сол оқиғаларға куә болғандардың жазғандарын оқысаңыз, төбе шашыңыз тік тұрады, сұлтан ием!

– Обал-ақ болған екен. Шыңғыс бабамды мұншама қатыгез болған деп ойламаппын. Сонда бұл елді қорғайтын патшасы қайда, әскері қайда?

– Шыңғыс бабанның қатыгездігі шектен асқан ғой, сұлтан ием! Бәлкім ол заманда қарсыласқан дұшпанын тұқым-тұяғымен құртып жіберу де қажет болған шығар. “Қамысты бос ұстасаң қолыңды кеседі” деген мақалды есітіп пе едіңіз? Ел билегің келсе, қылышыңды әмәнда өзiр ұста, бірақ ақылмен жұмса! Хорезм патшасы Мұхаммед шаһтың түбіне де жеткен сол ақылысыздығы болатын. Өзінің туған ұлымен тіл табыса алмаған падишаһ қара халықты қайтып соңына ерте алсын?! Хорезм қыпшақтарының жер қайысқан әскеріне сенбегені сондай, басқыншы жауды шеп құрып кең далада жұмылған жұдырықтай қарсы алудың орнына, бір тұтас қолды әр шаһарға бөліп-бөліп, өзіңді өзің қорға деген ғой. Шыңғыс ханға да керегі осы еді. Шүршіттермен соғыста қолға түсірген қамал бұзғыш арбаларын сүйреп келді де, әр шаһарды шекілдеуікше шағып алды. Ал Мұхаммед шаһтың өзі болса, тығыларға ін таба алмай, батыстағы көк теңіздің ортасындағы аралға өтіп кеткен ғой. Білетіндердің айтуынша, ол бір алапеске шалдыққан науқас адамдар жер аударылатын арал екен. Аяқ астынан араларына топ ете түскен алтын шапанды шаһты аш-жалаңаш байғұстар аясын ба, киім-кешегі мен азық-түлігін талап алыпты. Арғы жағы белгілі ғой. Алапес деген жұқпалы дерт патша екенсің деп, айналып өтетін бе

ұлын ғана өзінің ұлан-ғайыр аймағына мұрагер етіп қалдырған. Үлкен ұлы, мына Сіздің тікелей атаңыз Жошыға Ертіс дариядан батысқа қарайғы өз сарбаздарының ат тұяғы тиген жерлердің бәрі берілді. Жошы атаңның түстігі мынау осы ұлы дарияға тіреліп, терістігі мәңгі тоңы жібимейтін қалың орманды қамтитын иелігінің батысына жету атты адамға айшылық алыс жол еді ғой. Шыңғыс бабаң екінші ұлы Шағатайға Тәңіртаудың арғы бетін, бергі бетін, мынау ұлы дарияның арғы бетін еншілеген. Үшінші ұлы Үгедей Ертіс дарияның арғы бетін, Тарбағатайды, ақ сеңгер Алтайдың арғы-бергі бетін түгел алды. Кіші ұлы Төленің еншісіне әкесінің қара шаңырағы орналасқан Керукен мен Орхон дариядан бастап, шығысқа қарайғы бүкіл аймақ тиді. Төрт ұлдың иелігі ұлы мыңқолдар елінің төрт ұлысы аталды. Бәрі Қаракорымдағы ұлы қағанға бағынатын болды. Ұлы тақтың мұрагерлігіне Үгедей белгіленді.

— Неге Үгедей? Неге үлкен ұлы, менің атам Жошы емес? Неге екінші ұлы Шағатай емес?

— Й, й, и, сұлтан ием? Ұлы қаған солай шешіпті ғой. Білетіндер Жошы мен Шағатайдың арасында бір кикілжін болған деседі. Шыңғыс бабаң соған ренжіген дей ме, немене?! Қаңқу сөз шығар әншейін. Менің білетінім ұлы қағанның мұрагерлік мәселесін дер кезінде шешіп кеткені. Сірә, пәнидегі жорығы таусылуға жақындағынан өзі де сезсе керек?!

— Сонда қалай, Ғұлам қари! Шыңғыс бабам осы дарияның бойындағы құрылтайдан соң көп ұзамады ма?

— Көп ұзамады, сұлтан ием, көп ұзамады. Құрылтайды өткізіп, ырғалып-жырғалып Қаракорымдағы ордасына қайтқан. Артынан сіздің Жошы атаңыздың қаза тапқаны жөнінде хабар жетті. Мына кең далада құлан аулап жүріп аттан құлапты. “Ақсақ құлан” туралы аңызды естіп пе едіңіз, сұлтан ием! Сондай бір күй де бар. Екеуі де Жошы оғыланның